

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## Елбасының жастарға берген ерен еңбектері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/86049/>

Тәуелсіз заман, бейбітті тұғыры қалыптасқан, байтақ-Егемен Қазақстан. Ата-баба арман еткен азат күннің атқанына, теңдігімізге баба арман еткен азат күннің атқанына, теңдігімізге 29 жыл. Осы КСРО күйреген шақта жеріміздің тұтастығын ақтап, қиын кезеңнен тез бой көтеріп, еңсе тіктеуге, ел іргесін сөкпей татулық пен бірлікті ту етіп, елге бас болып, халқының қалаулысы, елінің елеулісі болған тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тоқыраудан гүлдену дәуірін құрған елбасымыздың мемлекеті үшін жасаған ғажайыптары, еңбектері орасан зор. Кеше қандай күйде едік, қазір қандаймыз?! Даналық, көшбасшылық, көрегенділік қазақ басшысына тән.

Елбасы жолы болашақтың алтын көпірі. Аз уақытта азаттықтың ақ таңының мәңгі болуы Елбасымыздың сындарлы саясаты мен жүзеге асырған стратегиялары, тек биікке жетелер парасаттылығы мен кемеңгерлігімен жазған еңбектерінің арқасы. Қазақстан тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, беделді де абыройлы, әлемдік қауымдастықтық сойындаған, жедел дамудың даңғыл жылына түскен елдердің қатарына енді!

Мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындаған болашақтың бағдарламасы ретінде Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жарық көріп, онда Президент алдымызға дамыған отыз елдің қатарына ені міндетін қойды. Осы мақсатқа жетудің жолы ретінде «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты кезекті жолдауында атап өтті. Елдің көшбасшысы өз жолдауында «Мәңгілік ел» тағы да шегелеп келтірді: Қазақстан — Мәңгілік елдің Отаны. Жастар арасында осы ұлы идеяны қалыптастырып, Мәңгілік Ел ұғымын қоғамның қозғаушы күшіне айналдыруды көздеді. Н.Ә.Назарбаев әлемдік деңгейде «EXPO-2017» юаламалы энегррия көзін үнемдеу Жасыл Ел тақырыбында талайды таңғалдырдыра үлкен абыроймен өткізді. Елінің жарқын ертеңін құрау елбасымыздың мықты болуына байланысты. Елінің тігерегі – Елбасы.

Елбасының ғұмыр жолы, өткен белестері қашанда жастар үшін үлкен өнеге. Ендеше, Тұңғыш Президент жазған еңбектері де, жасаған игіліктері де жастарды талапты болуға, мақсатсүйгіштікпен табандылыққа жетелейді. Шыныдығында, маңдайына бір мемлекетті қалыптастырып, тәуелсіздігін тұғырлы ету тағдара жазылған елін сүйген, елі сүйген Елбасы қашанда біз үшін аты өшпес, ұлы тұлға. Н.Ә.Назарбаевтың кемел келешектің зиялы, жас, өскелең ұрпағына, жас буынға жан-жақты жасаған

мүмкіндіктері мол. «Бой салыстыратын заман емес, ой салытыратын заман». Білім саласын дамытуда озазаттықты көрсетті. Жаңа технология, тың дүниелерді қолданысқа енгізді.

Тұңғыш елбасымыз өз сөзінде «Менің арманым — Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуы. Заман өтеді, адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады» дейді. Елбасы құрған дара жолын жалғастырып, үлгі-өнеге алып, еліңнің, ұлтыңның мақтанышы болу – өз туып өскен жеріңнің азаматы ретінде борышың. Бейбіт заманда тізгінді ұстып, болашақты жарқын ету біздің қолда. Оны сезініп, әрекет пен нәтиже көрсете бәлу нағыз еліне адал патриотизмнің негізі. Ел үміттері елбасының жастарға берген ерен еңбектерін ақтаңыздар!

Мәлік Арайлым

Қызылорда қаласындағы

Ә. Молдағұлова атындағы

№ 173 орта мектептің

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.